# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Нұра ЖББ мектебі
**Мектепалды** даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 111-апта 16 - 20 наурыз 2025-2026 оқу жылы
**Адал азамат біртұтас тәрбие Тәуелсіздік және отаншылдық айы «Апта дәйексөздері»- «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»**

<table>
<tr><th>Күн тәртібі</th><th>Дүйсенбі 16.03</th><th>Сейсенбі 17.03</th><th>Сәрсенбі 18.03</th><th>Бейсенбі 19.03</th><th>Жұма 20.03</th></tr>
<tr><td rowspan="2">Балаларды қабылдау</td><td colspan="5">Мұғалімнің балалармен карым-катынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, карым-катынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату</td></tr>
<tr><td colspan="5">Адалдық әліппесі<br>Ойын: «Адал бала»<br>Мақсаты:<br>Бөлісуді үйрету<br>Достық карым-катынасты калыптастыру<br>Адал әрекетті түсіндіру<br>Ойын барысы:<br>Балаларға бірнеше ойыншық беріңіз<br>Бір балада ойыншық жетіспейді<br>Басқа балалардан: «Не істеу керек?» деп сұраңыз<br>Дұрыс жауап: бөлісу, бірге ойнау.<br>Тәрбиеші корытындылайды:<br>“Адал бала – мейірімді бала.”<br>Ойын: «Жақсы ма, жаман ба?»<br>Ойын барысы:<br>Балаларға суреттерді көрсетіп, екі топқа бөлу:<br>☑ Жақсы әрекет:<br>Кешірім сұрау<br>Көмектесу<br>Ойыншықтарды жинау<br>✕ Жаман әрекет:<br>Төбелесу<br>Өтірік айту<br>Затты тартып алу<br>Нәтижесінде бала:<br>-Адал және адал емес әрекетті ажыратады<br>-Шындық айту керегін түсінеді<br>-Достарымен дұрыс карым-катынас жасайды</td></tr>
</table>

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру** | **Өнегелі 15 минут Ата -анаға кеңес**<br>1. Балаңызбен күн сайын сөйлесіңіз көңіл бөліңіз. "Бүгін не үйрендің?". "Не ұнады?" деп сұраңыз.Бұл баланың сөйлеу тілін және сенімін дамытады.<br>2. Кітап оқуды әдетке айналдырыңызСуреттер бойынша әңгімелетіңіз.Кітап оқитын балалардың ойлауы мен қиялы жақсы дамиды.<br>3. Баланы мақтауды ұмытпаңызКішкентай жетістігін де байқаңыз."Жарайсың!". "Қолыңнан келеді!" деп айтыңыз.Мақтау баланың өз-өзіне сенімділігін арттырады<br>  | | | | |
| **Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар )** | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**"Шаңырақ" ойыны**<br>**Мақсаты:** Командалық жұмыс пен ұлттық құндылықты түсіндіру.<br>Қалай ойнайды:<br>Балалар үлкен шеңбер құрып тұрады.<br>Бір бала «қонақ» болады, қалғандары «үй иесі».<br>Қонақ айналасын аралап, «қуаныш сыйлайды», балалар оны қарсы алып, шаттық шеңберінде белсенді болады.<br>Көрнекілік: Шеңбер немесе шынайы ұлттық үй бейнесі. | | | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**"Көкпарға дайындық" (бейімделген нұсқа)**<br>**Мақсаты:** Командалық рухты, күшті және стратегияны дамыту.<br>Қалай ойнайды:<br>Допты немесе жеңіл ойыншықты «жылқы» етіп алады.<br>Командалар оны қарсы команда алаңына жеткізуге тырысады.<br>Бала үшін жеңіл нұсқа, қауіпсіз етіп ойнау маңызды.<br>Көрнекілік: Доп немесе ойыншық «жылқы», алаң белгілері. | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені № 12** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | **«Менің Қазақстаным»**<br>**ҚР гимні**<br>**«Сиқырлы таяқша»**<br>***Ойынның мақсаты:*****балаларды зейін қоюға,мейірімділікке,досына көмектесуге тәрбиелеу.**<br>**Балалар шеңберге тұрып, өздеріне көмек қажет болған жағдайды кезек-кезек айтып береді, мысалы: тісім ауырды, біреу ренжітті, көңіл-күйім болмады жәнет.б.Қатысушылар жағдайларын айтып болғаннан кейін,педагог «сиқырлы таяқшаны» қолына алып, былай дейді:** | **«Мақтау сөздер айту»**<br>Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.<br>Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.(Адалдық әліппесі) | Тек жақсы қасиеттерді ата»<br>Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайдаоларпедагогкеқарайқадамжасайды (Адалдық әліппесі) | Адалдық шеңбері»<br>Ойынның мақсаты:балаларды адалдыққа тәрбиелеу,зейінді дамыту.<br>Педагог балаларды екі командаға бөледі.<br>Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап,«адалдық шеңберін» құра отырып,қолдарын жоғары көтереді.Екінші команданың мүшелері бірінің<br><br>Артынан бірі сапқа тұрып,көңілді музыкамен«адалдық шеңберінің»ішіне кіріп, шығады | «Адал досқа арналған ашық хат»<br>Ойынның мақсаты:достық қарым-қатынасты қалыптастыру.<br>Педагог балаларға достық туралы мақал айтып береді, содан кейін өзінің адал досы деп санайтын адамды атауды және оның себебін түсіндіруді сұрайды.<br>Әңгіме соңында балаларға адал досы үшін ашық хат дайындау ұсынылады |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Сиқырлы таяқша,досына көмектес!».** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөз және сөйлем<br>**Міндеті** - Сурет бойынша сөйлем құрастыруға, байланыстырып сөйлеуге үйрету<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөйлем құрайды, сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөйлемдегі сөздердің белгілі бір ретпен тұратынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, буынға бөледі.<br>– Балалар, біз дыбыстардан сөз құралатынын білеміз. – Кәне, бір-бір сөзден айтамыз. Балалар ойларынан бір сөзден айтады. – Балалар, біз не айттық? – Иә, сөз айттық. Осы сөздер аяқталған ойды білдіреді ме? – Жоқ, білдірмейді екен. Аяқталған ойды білу үшін біз осы сөзді қатыстырып не құраймыз? – Әрине, сөйлем құрауымыз қажет. Өздерің айтқан сөздерді қатыстырып, сөйлем құраңдар. – Кітап ашық тұр. Тақтада сурет ілініп тұр. 142 – Мысық сүт ішті. – Жарайсыңдар, сендер өте жақсы сөйлем құрадыңдар. – Дұрыс айтасыңдар, сендердің құраған сөйлемдерің аяқталған ойды білдіріп тұр. – Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысып тұр Яғни біз өз ойымызды | **Математика негіздері**<br>Геометриялық фигуралар және денелер<br>**Міндеті:** -Денелерді тануға және атауға үйрету – текше, шар, цилиндр.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді:** пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр;<br>**түсінеді:** пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды;<br>**қолданады:** геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуды. Өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.<br>1-тапсырма<br>Геометриялық денелердің әр түрін сана. Қажетті цифрды қоршап сыз. Балалар тапсырманы өз бетімен орындайды. Содан кейін олар бір-біріне нөмір береді. Олар жұптасып фигураларды санауға көмектеседі. №2 тапсырманы орындамас бұрын педагог қолдың моторикасын дамытуға | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлемді аяқта<br>**Міндеті** -- Сөйлем ойлап табуына назар аудару, сөздік қорларына мән беру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөйлем құрайды, сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөйлемдегі сөздердің белгілі бір ретпен тұратынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, буынға бөледі.<br>«Кім жылдам?» дидактикалық жаттығуы Шарты: педагог сөздер айтады, балалар мұқият тыңдап, педагог айтқан сөздегі «о» дыбысын «ө» дыбысына ауыстырып сөзді қайта айту керек. сөз-сөз от-өт тол-төл жон-жөн тор-төр он-өн Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады. «Кім зейінді»дидактикалық ойын Педагог өлеңді оқып шығады. Балалар зейін қойып тыңдайды. Өлең аяқталған соң «и» дыбысы кездескен сөздерді балалар айтады. Буынға бөледі. Ұшып кетті инелік. Біздей қорқып имеңіп. Тік ұшаққа ұқсайтын. Инелікке тимелік. Мен көп оқып үйренем. Білім сырын игерем. Бейне құдық қазғандай Болса да білім инемен. -Инелік, имеңіп, тимелік, игерем, инемен. Жұмыс дәптерімен жұмыс Сөйлемді педагог оқиды, балалар суретке қарап, сөйлемді жалғастырады. Денсаулығым мықты болу үшін, мен не істеймін? 1. Денсаулығым мықты болу үшін, мен... (жеміс-жидектер жеймін). 144 2. Денсаулығым мықты болу үшін, | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Міндеті:** | **Көркем әдебиет**<br><br>**Міндеті:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөйлемдер арқылы жеткізеді екенбіз. Сөйлем аяқталған ойды білдіреді. «Кім шапшаңсөз, сөйлем құрайды?» дидактикалық ойыны Шарты: Екі топ болып жарысады. Бірінші топ сөз айтса, екінші топ сол сөзге сөйлем құрастырады. Мысалы: 1-топ 11-топ Жастық. Жастыққа жатты Қайық Қайық жүзді. Шие Шие пісті. Сазан Сазан ауладық | арналған жаттығуды ұсынады: «Саусақ қаламдары»: балалар алдымен бас бармағын үстелге/еденге 132 тигізеді, содан кейін – сұқ және ортаңғы саусақпен жасайды. Мұны мүмкіндігінше тез және дәл жасауға тырысады. Жаттығу 1-ден 10-ға дейін және кері ретпен жүруі мүмкін. Үстел үстінде немесе еденде саусақтарды әрлі-берлі шапшаң жүргізеді. 2-тапсырма. Фигураларды нүкте бойынша қайталап сал. Балалар қарындашпен нүктелерді байланыстырады және фигураны атайды. 3-тапсырма. Көз келген фигураны үлгіге сәйкес боя. «Сапқа тұр» ойын жаттығуы. 1–10-ға дейінгі цифрлары бар карточкалар бекітілген қағаздан фигураларды таратады (№22 парақ). Балалар қатарға тұру керек. Қалған балалар оларға «қанша», «қай», «қайсысы» деген сұрақтар қояды. | мен... (таза ауада серуендеймін). 3. Денсаулығым мықты болу үшін, мен ... (уақытылы жуынамын). 4. Денсаулығым мықты болу үшін, мен ...(велосипед тебемін). 5. Денсаулығым мықты болу үшін, мен... (спортпен шұғылданамын) | | |
| **«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Кеңестер: 1. Ас үй техникасын ақылды пайдалану: Тамақ әзірлеу кезінде пеш пен микротолқынды пешті тиімді пайдалану. Суды қайнату үшін кішкентай мөлшердегі су қолдану. 2.Тоңазытқыш есігін жап: Тоңазытқыш есігін ұзақ уақыт ашық ұстаудан аулақ бол. Бұл көп энергия жұмсайды. 3.Кір жуғыш машинаны толтырып қолдан: Кір жуғыш машина толық толтырмай пайдаланбаңыз 4.Электронды құрылғыларды үнемді пайдалану: Электронды құрылғыларды энергия үнемдейтін режимде пайдалану. Бұл кеңестер энергияны үнемдеуге және қоршаған ортаға қамқор болуға көмектеседі. | <br> | |  | | |
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Тіл дамытуі дамыту**<br>Менің анам<br>**Міндеті**: -Сойлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:**өз аналарын суреттеу арқылы әңгіме құрайды, сөзге дыбыстық талдау жасайды;<br>**Түсінеді:**өлеңде кім туралы айтылғанын түсінді;<br>**Қолданады:** мақалды үш дауыста айтуды, тақпақты тез жаттап алуды.<br>–Ана! Бұл сөз жер бетіндегі әр елде бар. Ол – көркем, сүйкімді әрі ұлы сөз.<br>–Әркайсымыздың да анамыз бар, дұрыс емес пе?<br>–Ендеше өз аналарыңды суреттеп, «Менің анам» тақырыбына әңгіме құраңдар.<br>Педагог балаларға көмек ретінде қосымша сұрақтар қояды:<br>–Анаңның аты кім?<br>–Кім болып жұмыс істейді?<br>–Анаңды сипаттап бере аласың ба? Ол қандай адам? | **Қазақ тілі**<br>Наурыз көже<br>**Міндеті:** Тілдің грамматикалық құрылымы<br>-Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратуға мүмкіндік беру<br>**Күтілетін нәтиже**<br>**Жасайды:** Наурыз көже қазақтың ұлттық тағамы екенін<br>**Түсінеді:** Наурыз көжеге 7, 9 (су, тұз, сүр ет, құрт, айран, ірімшік, тары, жүгері, бидай) түрлі дәм қосатынын<br>**Қолданады:**наурыз көже ойынын ойнады<br><br>**Тақырыпқа кіру**<br>- Балалар суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>- Бұл жылдың қай мезгілінде болады?<br>- Ол жерде не көріп тұрмыз? Иә, балалар, дұрыс айтасыңдар?<br>Көктемнің алғашқы | **Математика негіздері**<br>Геометриялық фигуралар және денелер<br>**Міндеті:** -Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр тануға және атауға үйрету<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді:** пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр;<br>**түсінеді:** пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды;<br>**қолданады:** геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуды. Өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.<br>**1-тапсырма.** Затты оған ұқсайтын фигурамен сызып қос. Балалар өз жауабын дауыстап түсіндіреді. Фигуралардың маңызды белгілерін атайды. 2-тапсырма. Жіптен шеңбер жаса. Одан сопақша жасауға тырыс. Фигураларды салыстыр.<br>Практикалық жұмыс. Педагог жіптерден шеңбер жасауды ұсынады. | **. Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>**Міндеті** | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>**Міндеті:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | –Анаң сені жақсы көреді ме? Оны қайдан білесің?<br>Педагог қол көтерген балалардың бәрінің ойларын тыңдайды | айымен бірге келетін Ұлттың ұлы күні – Наурыз. Наурызда күн мен түн теңеледі. Күн жылына бастайды, жан - жануарлар ұйқысынан оянады. Наурыз күні адамдар татуласып, достасады. Бұл күні әрбір үйде қазан асылып, наурыз көже пісіріледі. Бір-біріне жақсы тілектер айтылады. Наурыз көженің құрамына жеті түрлі дәм қосылады: айран, ет, сүт, құрт, тұз, май, тары.<br>- Балалар, осы бойынша ұлттық тамақтарды орналастырайық. *(әр бала жеке жеке өзі орындайды).*<br>- Бұл жерден не көріп тұрсыздар?<br><br><br>«Наурыз» - көне иран сөзі, қазақша мағынасы «жаңа жыл» дегенді білдіреді. Наурыздың 22 – күні | Содан кейін одан сопақша шығару үшін не істеу керектігін сұрайды. Фигураларды салыстыруды сұрайды. 3-тапсырма. Фигураларды боя. Фигуралардың әр түрін сана. Қандай фигуралар тең? Ата. Тапсырма зейінді, санау дағдыларын дамыту және фигуралардың атауын бекіту үшін берілген. 4-тапсырма. Суреттерді аяқтап сал. Шеңберді пайдаланып, өз суретіңді ойластыр. Тапсырманы орындамас бұрын педагог балаларға геометриялық фигураларды суреттерге айналдыратындығын айтады. Алдымен балалар суретшінің шеңберді неге айналдырғанын түсіндіреді: күн, қоңыз, алма. Содан кейін олар өздерінің «түрлендіру» нұсқаларын ұсынады. Тапсырма қиялды, моториканы дамытуға және шеңбердің маңызды қасиеттерін қайталауға бағытталған. «Сиқырлы қозғалыстар» ойын жаттығуы. Еденге шеңбер мен шаршы салады немесе оларды жіптерден жасайды (түрлі түсті жұқа жабысқақ таспамен сызықтарды жабыстырады). 1-2 баланы белгілі бір дөңгелектерге немесе шаршы ішіне орналастырып қояды. Үстіңгі және астыңғы жағына шартты белгі салады. Басқа балалар тексере алатындай етіп, балалардың қолына тапсырма беріп, оны тақтаға іліп қояды. Балалар жол бағытында көрсетілген қадамдарды жасайды. Егер балалар дұрыс қозғалса, қалған балалар оларға қол шапалақтайды | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қазақтар үшін жыл басы - жаңа жыл, күн мен түннің теңелетін | | | |

**Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі»   « Салкүрең» күйі**

**Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,**








**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Наурыз мерекесі<br>**Міндеті:** - Балаларға наурыз айы, наурыз мерекесі туралы түсінік беруді жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**<br>Жасайды: Балаларға наурыз айы, наурыз мерекесі туралы түсінік | **Көркем әдебиет**<br>Наурыз көже<br>**Міндеті:** - Қазақтың ұлттық тағамдары туралы білімін кеңейту. Сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға дағдыландыру. Ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** | **Тіл дамыту**<br>Наурыз –<br>көктем мерекесі<br>**Міндеті:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды**: жұмбақ айтысқа , жұмбақ айтыспен жауап береді. өз | | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br><br>**Міндеті:**<br>**Топтық жұмыстар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | беру<br>**Түсінеді**: Көктем мезгіліндегі табиғат сұлулығын байқай білу<br>**Қолданады**:Наурыз қазақ халқының жаңа жылы екенін<br><br>– Балалар әннің мазмұны не туралы? Наурыз мейрамы жылдың қай мезгілде болады? Көктемнің қандай ерекшеліктері бар? – Көктемде қар еріп, күн жылынады, ағаштар бүршік жарып, алғашқы дала гүлі – бәйшешек шығады. Көктемде үлкендердің көмегімен балабақша ауласында гүл егеміз, ағаштардың түптерін қопсытамыз. Наурыз айы – адамдардың асыға күтетін айының бірі. Наурыз парсыша «нау» – жаңа, «рыз» – «күн», яғни «жаңа жылдың бірінші күні» дегенді білдіреді. Сондықтан Наурыз – жыл басы. Бұл күні күн мен түн теңеледі. Барлық адамдар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын» деген тілектер айтады. Ойын: «Наурыз тамашалары». Толық, нақты жауаптарға жұлдызшалар беріледі. Интербелсенді тақтадан «Наурыз » мультфильмі көрсетіледі. (hhttps://www.youtube.com/watch?v=Bh698ql3PWs) Педагог балалармен мультфильмді талдап, әңгімелейді. – Мультфильмде қандай құстар кездеседі? –Жапалақ, қараторғай, сауысқан, | **Жасайды:** әңгімеге қызығушылық танытады;<br>**Түсінеді:** әңгіменің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** жеке шығармашылық қабілетін танытады<br>– Қазір жылдың қай мезгілі? Наурызда қандай мерекелер болады? Педагог қазақтың ұлттық тағамдары мен сусындары туралы слайдтар көрсетеді. Өздеріне таныс тағамдар мен сусындарды атауды ұсынады. Балалар бауырсақ, қымыз, наурызкөжені атайды. – .Наурызкөже туралы не білесіңдер? Наурыз мерекесінде дастарқан жайылады. Жеті түрлі тағамнан наурызкөже пісіріледі. Наурыз мерекесі көңілді өтеді. – Бүгін автор Серік Нұғыманның «Наурызкөже» әңгімесімен танысамыз. Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді Сөздік жұмысы: таңырқап – таңғалып тегене – үлкен, дөңгелек, шұңғыл ыдыс Сұрақ-жауап: – Әңгіме қалай аталады? Нартай әжесінен нені сұрады? – Әжесі Нартайға не деді? Әжесі саусақпен тағамның қандай түрлерін санады? – Наурызкөжеге қандай дәндерді қосты? Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» (баланың есте сақтау қабілетін дамыту) | ойларынан шығармашылық әңгіме құрайды ;<br>**Түсінеді:**қазақтың салт-дәстүрлерін, қамшының сабы тобылғы ағашы екенін;<br>**Қолданады:**көп сөздің жалпылау сөзін, зерек бала атануға тырысады.<br>Жұмбақ шешу.<br>1.Бір ауызды бұйым бар, Тіктортбұрыш пішінде. Затыңды аман сақтайды, Салып қойсаң ішіне. Көлемі болар әртүрлі. Орташа, үлкен, кіші де. Оюлар зерлеп жасалған, Қызығасың түсіне. Айтыңдаршы, бұл не зат, Көрпе жинайтын үстіне?<br>–Ой, балалар, жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер. Сол үшін сендерге Наурыз мерекесі туралы айтып берейін:<br>Наурыз шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады. Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі.<br>Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, халық кастерлейтін, бірігіп тойлайтын күн.<br>–Ал енді өздерің отбастарыңда бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер.<br>–Сендер мерекеде наурызкөже пісіресіңдер ме?<br>–Оны кім пісіреді? Оған не қосады?<br>Педагог қуыршақ Кәмшатты отырғызып, тақтаға Наурыз мерекесіне байланысты суреттер іледі.<br><br>–Наурыз қай мезгілде келеді?<br>Педагог балаларға шығармашылық әңгіме құрауды ұсынады.<br>Сөздік жұмыс:<br>Тобылғы қамшы сап жасайтын ағаш екенін түсіндіреді. | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | беру<br>**Түсінеді**: Көктем мезгіліндегі табиғат сұлулығын байқай білу<br>**Қолданады**:Наурыз қазақ халкының жаңа жылы екенін<br><br>– Балалар әннің мазмұны не туралы? Наурыз мейрамы жылдың қай мезгілде болады? Көктемнің қандай ерекшеліктері бар? – Көктемде қар еріп, күн жылынады, ағаштар бүршік жарып, алғашқы дала гүлі – бәйшешек шығады. Көктемде үлкендердің көмегімен балабақша ауласында гүл егеміз, ағаштардың түптерін қопсытамыз. Наурыз айы – адамдардың асыға күтетін айының бірі. Наурыз парсыша «нау» – жаңа, «рыз» – «күн», яғни «жаңа жылдың бірінші күні» дегенді білдіреді. Сондықтан Наурыз – жыл басы. Бұл күні күн мен түн теңеледі. Барлық адамдар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын» деген тілектер айтады. Ойын: «Наурыз тамашалары». Толық, нақты жауаптарға жұлдызшалар беріледі. Интербелсенді тақтадан «Наурыз » мультфильмі көрсетіледі. (hhttps://www.youtube.com/watch?v=Bh698q13PWs) Педагог балалармен мультфильмді талдап, әңгімелейді. – Мультфильмде қандай құстар кездеседі? –Жапалақ, қараторғай, сауысқан, | **Жасайды:** әңгімеге қызығушылық танытады;<br>**Түсінеді:** әңгіменің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** жеке шығармашылық қабілетін танытады<br>– Қазір жылдың қай мезгілі? Наурызда қандай мерекелер болады? Педагог қазақтың ұлттық тағамдары мен сусындары туралы слайдтар көрсетеді. Өздеріне таныс тағамдар мен сусындарды атауды ұсынады. Балалар бауырсақ, қымыз, наурызкөжені атайды. – .Наурызкөже туралы не білесіңдер? Наурыз мерекесінде дастаркан жайылады. Жеті түрлі тағамнан наурызкөже пісіріледі. Наурыз мерекесі көңілді өтеді. – Бүгін автор Серік Нұғыманның «Наурызкөже» әңгімесімен танысамыз. Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді Сөздік жұмысы: таңырқап – таңғалып тегене – үлкен, дөңгелек, шұңғыл ыдыс Сұрақ-жауап: – Әңгіме қалай аталады? Нартай әжесінен нені сұрады? – Әжесі Нартайға не деді? Әжесі саусақпен тағамның қандай түрлерін санады? – Наурызкөжеге қандай дәндерді қосты? Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» (баланың есте сақтау қабілетін дамыту) | ойларынан шығармашылық әңгіме құрайды ;<br>**Түсінеді:**қазақтың салт-дәстүрлерін, қамшының сабы тобылғы ағашы екенін;<br>**Қолданады:**көп сөздің жалпылау сөзін, зерек бала атануға тырысады.<br>Жұмбак шешу.<br>1.Бір ауызды бұйым бар, Тіктөртбұрыш пішінде. Затыңды аман сақтайды, Салып қойсаң ішіне. Көлемі болар әртүрлі, Орташа, үлкен, кіші де. Оюлар зерлеп жасалған, Қызығасың түсіне. Айтыңдаршы, бұл не зат, Көрпе жинайтын үстіне?<br>–Ой, балалар, жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер. Сол үшін сендерге Наурыз мерекесі туралы айтып берейін:<br>Наурыз шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады. Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі.<br>Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, халық қастерлейтін, бірігіп тойлайтын күн.<br>–Ал енді өздерің отбастарыңда бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер.<br>–Сендер мерекеде наурызкөже пісіресіңдер ме?<br>–Оны кім пісіреді? Оған не қосады? Педагог қуыршақ Кәмшатты отырғызып, тақтаға Наурыз мерекесіне байланысты суреттер іледі.<br><br>–Наурыз қай мезгілде келеді? Педагог балаларға шығармашылық әңгіме құрауды ұсынады.<br>Сөздік жұмыс:<br>Тобылғы қамшы сап жасайтын ағаш екенін түсіндіреді. | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | наурызек құстары. –Адамдар неге наурызек құсын күтеді? Енді бізді «Қырағы» досымыз наурызек құсы туралы білуге шақырады. –Наурызек құсы өзге құстардан бірінші болып елімізге ұшып келетін құс, ол ұшып келгеннен кейін қар еріп, күн жылиды. Интербелсенді тақтадан «Науырзек құсы» жайлы бейнебаян көрсетіледі: Наурызек ұясын көбіне шөп арасына салады. Бұны қазақ – наурызкөк, наурызек немесе нау құсы, көкқұс деп атайды. Тіпті кей жерлерімізде оны жылқышы құс немесе бақыт құсы деп те атайды. Наурызек – құйрығы ұзын, түсі ақ пен көк араласқан, кішкентай құс. Ескі заманнан жеткен аңыз желісіне сенсек, Наурызектің анасы – Жер-ана екен. Жер-анаға көктем келеді, табиғат, жер-жаһан, табиғат жаңарады. Тіршілік құлпырады. Педагог мультфильмнің дастарқан бейнеленген кезін тоқтатып қойып, наурыз мерекесіне арналып жайылған дастарқан туралы әңгімелейді. Интербелсенді тақтадан «Наурызкөже» пісіріліп жатқан бейнебаян . | Шарты: балалар шеңбер болып отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүріп, бір баланың артына тақия тастап кетеді. Бала сезіп қалса, атып тұрып соңынан қуады. Жүргізуші айналып келіп, оның босаған орнына отыра қалады. Жете алмаған бала айыбын өнерімен өтейді. . | | | |

**Қауіпсіздік сабағы : «ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»**

**Мақсаты: : балаларды үйдегі қауіптізаттарды тануға үйрету және қауіпсіз қолдану ережелерін түсіндіру. .**

<table>
<tr>
<td colspan="2">Қауіпті заттармен әрекет ету ережеліріҮйдегі қауіпті заттар: Тәрбиеші үйдегі кейбір заттардың қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіреді. Қауіпті заттар: пышақ, дәрі-дәрмектер, тазалау құралдары, розеткалар, ыстық заттар (үтік, пеш), жиһаздың бұрыштары. 1- ереже. Пышақтарды немесе басқа өткірзаттарды ұстамаңыз. Түсіндіру: «Пышақтар өте өткір және жарақаттауы мүмкін. Әрқашан ересектерден көмек сұраңыз». 2-ереже. Ешқашан ересектердің рұқсатынсыз дәрі ішпеңіз. Түсіндіру: «Дәрі-дәрмектерді дұрыс қабылдамаған жағдайда қауіпті болуы мүмкін». 3-ереже. Ыстық заттардан аулақ болыңыз. Түсіндіру: «Ыстық заттар күйдіруі мүмкін. Пеш немесе үтіктен абай болыңыз». 4- ереже. Розеткалармен/ажыратқыштармен және электр құрылғыларымен ойнамаңыз. Түсіндіру: «Электр қуаты өте қауіпті. Электр розеткаларына ешқашан ештеңе қоспаңыз». «Бола ма немесе болмайма?» ойыны Тәрбиеші әртүрлі әрекет берілген суреттерді көрсетеді (мысалы, «пышақты ұстау», «ойыншықтармен ойнау», «пешке жақын бару») және балалардан бұл әрекетті істеуге бола ма, жоқ болмай ма деп сұрайды. Балалар «болады» немесе «болмайды» депжауап беріп, себебін түсіндіреді. «Қауіпсіз затты тап» ойыны Тәрбиеші балаларға әртүрлі заттардың суреттері бар карточкаларды береді. Балалар ойнауға қауіпсіз заттарды (мысалы, доп, қуыршақ) тауып көрсетуі керек және олардың неге қауіпсіз екенін түсіндіруі керек</td>
<td colspan="2">Пайдалы сілтеме: <u>https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij</u><br></td>
<td colspan="2"></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">4 - ұйымдастырылған іс-әрекет</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Дене тәрбиесі<br>Эстафета<br>Міндеті: -Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: Балаларды жарыс элементтері бар ойындар ойнау<br>Түсінеді: эстафеталық ойындарға қатысу<br>Қолданады:ойындарды ойнайды</td>
<td>Музыка<br>Домбыра сазы<br>Міндеті - Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен<br>музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау<br>Күтілетін нәтижелер:<br>Жасайды:<br>фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жеке</td>
<td>Дене тәрбиесі<br>Күшті, батыл және үлкен боламын<br>Міндеті: -Бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр);<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: -Бір орында тұрып биіктікке секіру<br>Түсінеді: Бір орында тұрып биіктікке секіруді түсінеді<br>Қолданады: секіреді<br><br>Биіктікке секіру.<br>Жүгіріп келіп, биіктікке (20 см) секіреді. Белгіленген жерге келгенде</td>
<td>Дене тәрбиесі<br>Күшті, батыл және үлкен боламын<br>Міндеті: Бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр):<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: -Бір орында тұрып биіктікке секіру<br>Түсінеді: Бір орында тұрып биіктікке секіруді түсінеді<br>Қолданады: секіреді<br><br>Биіктікке секіру.<br>Жүгіріп келіп, биіктікке (20 см) секіреді. Белгіленген жерге келгенде</td>
<td>Музыка<br><br>Міндеті: -</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Тақиятастау»**<br>Көлденең нысанаға асықты 3 м қашықтықтан лақтыру.<br>«Қолын түзеп жазып барып, төменнен лақтыру» тәсілін қолданады.<br>Бастапқы қалыпта аяқтарын иықтан шығыңқы деңгейге қойып, оң аяқты артқа қалдырып, оң қолды кеуде тұсында шынтақтан бүгіп, артқа төмен сермеп барып, жоғары қарай алдыға лақтырады | немесе топпен әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** домбыраның, күй үнінің ерекшелігін түсінеді.<br>**Қолданады:** әуенге лайық қимылдарды жасайды, ойын кезінде қолданады, аспаптарда ойнайды.<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қараторғай» (Ақан сері, өңд. Б. Ерзакович) Ән айту:<br>«Көктем» (Д. Гусинцев)<br>«Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Лентaлармен жаттығу» (В. Моцарт)<br>Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:<br>«Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Латыш полькасы» (М. Раухвергер) | жүгіріс пен аяқпен итерілуді үйлестіре білу керек Екі аяқты бірдей созып барып екпінмен шапшаң итерілуге тырысады. Қолмен сермеп көмектеседі.<br>Жүгіріп екпін алған соң кідірмей кедергіге келгенде екі аяқты бүгіп барып қайта жазып итеріліп секіреді | жүгіріс пен аяқпен итерілуді үйлестіре білу керек Екі аяқты бірдей созып барып екпінмен шапшаң итерілуге тырысады.<br>Қолмен сермеп көмектеседі.<br>Жүгіріп екпін алған соң кідірмей кедергіге келгенде екі аяқты бүгіп барып қайта жазып итеріліп секіреді | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | | | | |
| | | | | | |

Scanned with CamScanner

| Серуен | Наурыз<br>Серуен-Бақылау №6<br>**Серуен бақылу:**<br>Ауа райын бақылау<br>Мақсаты:<br>— Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету<br>— Өлі табиғаттағы (күн – жауын) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Бұл қай кезде болады»<br>Ш. Ахметов<br>Ақ қар еріп,<br>Су көбейіп,<br>Сай-салаға ағады.<br>Бүршік шашып,<br>Жапырақ ашып,<br>Гүл, бәйшешек басады.<br>Бөбектерім, айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады?<br>Балаларға сұрақтар<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?<br>*Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>*Аулада жаңбыр жауып тұр ма?<br>* қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады.<br>***Жеке жұмыс***<br>Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі | Наурыз<br>**Серуен-Бақылау №7**<br>**Серуен бақылу:**<br>Шырша ағашын бақылау<br>Мақсаты:<br>— Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру;:<br>— Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру:<br>— Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев<br>Қанша заман өткенімен,<br>Ескірмейтін асыл шырша.<br>Алатаудың көктемімен,<br>Доссың ғой сен, жасыл шырша.<br>Өзгермейсің қыс келсе де,<br>Бояуыңды оңдырмайсың.<br>Аяз шымшып, тістесе де,<br>Жапырағыңды<br>тоңдырмайсың.<br>Балаларға сұрақтар:<br>*Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде?<br>*Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді?<br>*Шырша ағашы туралы қандай жұмбақтар білесіңдер?<br>Тәрбиеші әңгімесі:<br>Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуанып сыйлайтын ағаш.<br>Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай кинаттарымыздан | Наурыз<br>**Серуен-Бақылау №8**<br>**Серуен бақылу:**<br>Су тамшыларын бақылау<br>Мақсаты:<br>—температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;<br>—зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Бақылау барысы**<br>Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай<br>Күн сәулесін төкті кеп,<br>Қар да ери бастады.<br>Шатырынан әр үйдің,<br>Төмен қарап салбырап,<br>Мұз сүңгілер аспалы,<br>Пайда бола бастады.<br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы ерігеп,<br>Сай қуалай ағады.<br>***Жеке жұмыс***<br>Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте)<br>◆ Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)<br>◆ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады)<br>◆ Шуақты күні ше? (өседі)<br>◆ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мұзды қыздырады да, ол суға айналады)<br>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған. | Наурыз<br>**Серуен-Бақылау №9**<br>**Серуен бақылу:**<br>Су тамшыларын бақылау<br>Мақсаты:<br>—температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;<br>—зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай<br>Күн сәулесін төкті кеп,<br>Қар да ери бастады.<br>Шатырынан әр үйдің,<br>Төмен қарап салбырап,<br>Мұз сүңгілер аспалы,<br>Пайда бола бастады.<br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы ерігеп,<br>Сай қуалай ағады.<br>***Жеке жұмыс***<br>◆ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте)<br>◆ Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)<br>◆ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады)<br>◆ Шуақты күні ше? (өседі)<br>◆ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мұзды қыздырады да, ол суға айналады)<br>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған. | Наурыз<br>Серуен-Бақылау №10<br>**Серуен бақылу:**<br>Ауа райын бақылау<br>Мақсаты:<br>— Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету<br>— Өлі табиғаттағы (күн – жауын) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Бұл қай кезде болады»<br>Ш. Ахметов<br>Ақ қар еріп,<br>Су көбейіп,<br>Сай-салаға ағады.<br>Бүршік шашып,<br>Жапырақ ашып,<br>Гүл, бәйшешек басады.<br>Бөбектерім, айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады?<br>Балаларға сұрақтар<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?<br>*Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>*Аулада жаңбыр жауып тұр ма?<br>* қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады.<br>***Жеке жұмыс*** |
|---|---|---|---|---|---|

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Білтебай Асия Қайратқызы**<br>**Сөйлеу дағдысы**<br>**Мақсаты:** Сөздік қорын және сөйлеу қабілетін дамыту<br>Жұмыс түрі: Сурет бойынша әңгіме құрату<br>Құрал: Сурет карточкасы (мысалы: балалар бақшасында ойнап жүрген көрініс)<br>Тапсырма:<br>Баламен бірге суретті қарап, "Не болып жатыр?", "Кім не істеп жатыр?" деген сұрақтар қойылады<br>Баладан 3-4 сөйлеммен әңгіме құрау сұралады<br>Сөйлем құрауы, байланыстырып сөйлеуі бағаланады | **Ахметжан Аяулым Нұржанқызы**<br>**Қиялды дамыту**<br>**Мақсаты:** Қиял мен шығармашылық қабілетті дамыту<br>Жұмыс түрі: «Суретті аяқта» ойыны<br>Құрал: Жартылай салынған сурет (мысалы: тек бұлт, немесе тек аяқтар бейнеленген)<br>Тапсырма:<br>Баладан суретті толықтырып салуын сұрау<br>Суретке атау беріп, қысқаша не салғанын айтып беру<br>Қиялы мен түсінігі бағаланады | **Амангелді Ұлжан Айтбекқызы**<br>**Логикалық ойлау**<br>**Мақсаты**: Баланың ойлау қабілетін, салыстыру мен талдау дағдысын дамыту<br>Жұмыс түрі: Ұқсастықты табу<br>Құрал: Сурет немесе зат карточкалары (мысалы: алма, доп, банан, шеңбер)<br>Тапсырма:<br>«Қайсысы артық? Неге?» сұрағы қойылады<br>Баланың логикалық дәлелі тыңдалады<br>Ұқсас/айырмашылығын түсіндіруді сұрау | **Әлімжан Айым**<br>**Есту арқылы қабылдау**<br>**Мақсаты: Естіп түсіну мен есте сақтауын дамыту**<br>Жұмыс түрі: «Кім не істеп жатыр?» ойыны<br>Құрал: Сөздік тапсырма (ауызша)<br>Тапсырма:<br>Мұғалім мынадай сөйлем айтады:<br>«Асан доп ойнап жүр. Айгүл кітап оқып отыр. Арман гүл суарып жатыр.»<br>Сұрақ қойылады:<br>«Кім кітап оқып отыр?», «Гүл суарып жатқан кім?»<br>Есту арқылы ақпаратты есте сақтау тексеріледі | **Раис Дастан Талғатұлы**<br>Танымдық (логикалық ойлау)<br>**Мақсаты:** Қарапайым математикалық ұғымдарды меңгерту<br>**Жұмыс түрі:** Сан мен пішін ойындары<br>**Құрал:** Геометриялық пішіндер<br>**Тапсырма:**<br>— «Артық пішінді тап» ойыны: 4 заттың ішінен біреуі артық — неліктен екенін айту |
| **Балалардың іс- әрекеті ( ойын,танымдық, коммуникативтік,шығармашылық,эксперименталдық, еңбек,қимыл,бейнелеу,дербес және басқалары)*** | **Қаржылық сауаттылық**<br>**«Қажет пе, әлде жай ғана керек пе?» ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Қажетті зат пен жай қалаған затты ажырата білу.<br>**Ойын барысы:**<br>Карточкаларды екі топқа бөлгізіңіз:<br>Тамақ, киім – қажет<br>Ойыншық, тәтті – қалау<br>Балалар неге солай бөлгенін түсіндіреді.<br>Бұл ойын баланың дұрыс шешім қабылдау дағдысын дамытады. | Ойын: «Жер,су,ауа»<br>Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде ,ауада,суда не болатынны дұрыс айтуға тоселдіру,қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.<br>Көрнекіліктер:асық<br>Шарты:балалар дөңгелеіп отырады.Бір бала ортаға шығып балаларды кез келгінене асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады.Егер бала жер десе асықты қағып алған сезіммен тәбиелеу.Біл бала отатаға шығып,балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібреді де жер, су ауа деген создік бірін | Ойын: «Лақтыр да,қағып ал»<br>Мақсаты: Балаларды ептілікe,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>Ойынның шарты: Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады.Тәрбиешінің «баста».- деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады,соны санайды.<br> | Ойын: «Айдаһардың құйрығы»<br>Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.<br>Ойынның шарты: Өте қызық ойын!<br>Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады.<br>Ұсыныс: Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты ұстатпау, қайткені де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол – «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады<br> | **Экологиялық мәдениет**<br>“Қалдықты тап” ойыны<br>**Мақсаты**: Қоршаған ортадағы заттарды дұрыс ажырата білуге үйрету.<br>Қалай ойнайды:<br>Балаларға әртүрлі суреттер немесе нақты заттар беріледі (пластик, қағаз, шыны, органикалық қалдық).<br>Мұғалім балалардан оларды дұрыс қоқыс шелегіне салуды сұрайды.<br>Көрнекілік: Қоқыс шелектері (түрлі-түсті).<br>қалдық заттардың суреттері немесе нақты үлгілері. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айтады.Егер бала жер десе,асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды,адамдарды,өсім діктерді атайды.Ал су сөзі айтылса,балық балардың аты аталады.Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс. Осылй ойын жалғаса береді. | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут Ата-анаға кеңес**<br>4. Қозғалыс пен таза ауа маңыздыКүн сайын далада ойнауға мүмкіндік беріңіз.Телефон мен теледидар уақытын шектеңіз.Қимыл-қозғалыс баланың денсаулығын және көңіл-күйін жақсартады.<br>5. Балаға таңдау жасауды үйретіңіз"Қызыл жейде киесің бе, әлде көкті ме?" деп таңдауға мүмкіндік беріңіз.Бұл баланың жауапкершілігін дамытады.<br>Ең маңыздысы:Балаға махаббатты көбірек көрсетіңіз.<br>Оны тыңдаңыз.Жетістігін қолдаңыз.Бақытты бала — қолдау көрген бала!<br><br>Тексерілді: [signature] | | | | |

Scanned with CamScanner